

Люси Мод Монтгомери

*Жасыл
шатырдағы
ӘН*

2-бөлім

Роман

Қазақ тіліне аударған Динара Мазен

Астана-кітап

ӘӘЖ 821.111-93 (71)

КБЖ 84 (7Қаң)

М 68

Люси Мод Монтгомери

М 68 **Жасыл шатырдағы Ән. 2-бөлім:** Роман. / Л. М. Монтгомери.

– Алматы: Астана-кітап, 2024 – 212 б.

ISBN 978-601-80908-1-3

Әнді Марилла мен Мэтью балалар үйінен алдыртады. Қартайған үй иелеріне көмекші болсын деп, ұл бала сұратқан болатын. Бірақ, Ән жасыл шатырлы үйді көргенде, бұл жерде міндетті түрде қаламын деп шешеді. Ол Марилла мен Мэтьюге көмектесе алатынын көрсетіп, олардың ойын барынша өзгертуге тырысады. Осылайша Әннің жасыл шатырлы үйдегі өмірі басталады. Жетім қыздың жаңа отбасы, жаңа мектепке келуі түрлі шытырман оқиғаға толы болмақ.

ӘӘЖ 821.111-93 (71)

КБЖ 84 (7Қаң)

ISBN 978-601-80908-1-3

©Астана-кітап, 2024

*Жасы
шатырдағы
ӘН*



КЕЙПКЕРЛЕР



Маринна



Эн

Мэтью



Гилберт



Диана



МАЗМҰНЫ



I ТАРАУ. Концерт, ұятқа қалу және кешірім сұрау	7
II ТАРАУ. Қиялға берілудің кесірі	23
III ТАРАУ. Торттың жаңа түрі	32
IV ТАРАУ. Әннің қонаққа шақырылуы	46
V ТАРАУ. Намыстың өтемі	52
VI ТАРАУ. Мисс Стейси мен оның оқушылары концерт қоймақ	61
VII ТАРАУ. Мэтьюдің қалауы – бүрме жең көйлек	67
VIII ТАРАУ. Әдебиет клубының құрылуы	80
IX ТАРАУ. Жирен шаштың қадірі	90
X ТАРАУ. Жолы болмаған лала қыз	99
XI ТАРАУ. Есте қалар бір оқиға	111
XII ТАРАУ. Корольдік академияға дайындықтың басталуы	122
XIII ТАРАУ. Жылға мен өзеннің кездесуі	136
XIV ТАРАУ. Оқуға түскендер тізімінің шығуы	144
XV ТАРАУ. Қонақүйдегі концерт	154
XVI ТАРАУ. Корольдік академияның шәкірті	167
XVII ТАРАУ. Корольдік академияда өткен қыс	178
XVIII ТАРАУ. Даңқ пен арман	184
XIX ТАРАУ. Ажалдың қармағы	192
XX ТАРАУ. Бұрылыс	201

АВТОР ТУРАЛЫ



Люси Монтгомери Мод жетім, жирен қыз Ән Ширли жайында әңгімелерімен әйгілі болған канадалық жазушы.

1874 жылы 30 қарашада Клифтон қаласында дүниеге келген. Кішкентайынан ата-әжесінің қолында өсіп, тоғыз жасынан бастап күнделік жазды. Күнделікте түрлі өлең, әңгімелер

жазылған еді.

Жастайынан жазуға қызыққан Люси Мод өмірлік жолын мұғалім болуға арнады. Жұмыстан тыс уақытта америкалық, британдық журналдарда жарық көрген әңгіме, өлеңдерін жазатын.

Өзі өсіп, жұмыс жасаған Кавендиш қаласында ең алғаш “Ән – жасыл шатырдағы қыз” атты үлкен романының бөліктерін жазып бастайды. Алғашында канадалық баспалар кітапты шығаруға қарсы болса да, 1908 жылы кітап АҚШ елінде жарық көреді.

Туынды бірден өз оқырмандарын тапты. Марк Твен басты кейіпкер болған жирен шашты қызды көркем-әдебиет тарихындағы ең мейрімді, ерекше қыз деп таныды.

Люси Монтгомери Мод ғұмырында 20 роман, 500 әңгіме мен 500 өлең, сонымен қоса журнал беттерінде көптеген мақалалар жазып шыққан.

I ТАРАУ. Концерт, ұятқа қалу және кешірім сұрау

– Марилла, Диананың үйіне барып келсем бола ма? – деп сұрады Ән ақпанның кешінде шығыс шатырдағы баспалдақтан жерге зымырап түсіп.

– Қараңғы түскенде ары-бері секеңдеудің керегі жоқ, – деді Марилла. – Диана екеуің мектепке бірге барып-қайттыңдар, ол аздай үйге кірмей, жарты сағат далада тұрып әңгіме соқтыңдар. Аяқ астынан тағы кездесуге еш себеп жоқ деп ойлаймын.

– Ол мені көргісі келіп тұр, – деп жалынды Ән. – Маған айтатын өте маңызды жаңалығы бар.

– Оны қайдан білдің?

– Терезесінен белгі берді. Екеуіміз шырақ пен тақтайды қолданып белгі береміз деп келіскенбіз. Шырақты жағып, терезеге тақайсыңда, тақтаймен жауып жарық түсіресің. Жарық санына қарап досыңның не айтқалы тұрғанын білесің. Ол әдісті мен ойлап таптым, Марилла.

– Сенен басқа кім ойлап тапсын? Белгі берем деп жүріп бір күні пердені өртеп тынарсыңдар.

– Жоқ, өте сақ боламыз, Марилла. Шынында бұл сондай қызық. Екі жарқыл шықса – «бөлмедесің бе?» деген сөз. Үш жарқыл – «иә», төрт жарқыл «жоқ» дегенді